

**«8D03102 –Мәдениеттану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Ержанов Еркебулан Даукеновичтің «Қазақ ырымдары ұлттық мәдени код ретінде» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми**

**РЕЦЕНЗЕНТТИҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ**

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым</p>	<p>Диссертация жұмысының тақырыбы еліміздегі ғылымның даму басымдықтарының ішінен – 7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулерге және арнайы мамандандырылған бағыттардың ішінен – 7.2 Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулер: 7.2.6 Қоғамды жаңғырту жағдайындағы тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, дәстүр мен құндылықтардың ортақтығы бабына сәйкес келеді.</p> <p>7.2.7. Ұлы даланың жеті қыры: қоғамның рухани жаңғыруының мұралары мен бастаулары.</p> <p>8D03102 – Мәдениеттану Философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін мемлекет бюджетінен қаржыландырылған докторантуралық аясында әзірленген диссертация жұмысы.</p>
			Диссертация нақты мемлекеттік бағдарлама аясында орындалмаған.

		бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	
2.	Ғылым маңыздылығы үшін	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ <u>ашылмаған</u> .	Zерттеу жұмысының ғылымға қосар үлесінің елеулі екені айқын. Изденистің тақырыбы, жоспар-құрылымы, жүйелі мазмұны, ғылыми деңгейі мен теориялық маңыздылығы осындай түйінге негіз бола алады. Қол жеткізген ғылыми нәтижелер мен қорытынды тұжырымдар, өзектілігімен дәйектелген. Диссертацияда қарастырылған мәселелер жалпы қазақстандық гуманитарлық ғылымға қосатын үлесі жоғары деп бағалауға болады.
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <p>1) жоғары;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) төмен;</p> <p>4) өзі жазбаған.</p>	Іздешінің қорғауға ұсынылған диссертация жұмысының қолжазбасы және зерттеу мақалаларынан жазу деңгейінің жоғарылығы мен өзіндік баяндау стилі анық байқалады. Сөз саптауы, толғамдары, түйін-тұжырымдарындағы өзіндік сипаты мен жалғастырылған дәлел бола алады. Ал ғылыми стилі іздешінің маманданған саласындағы мәдениеттанулық категориялық аппарат пен негізгі ұғым-түсініктерді жақсы менгергенін, сындарлы ой қорыта алатындығынан хабар береді.
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негізdemесі:</p> <p>1) негізделген;</p> <p>2) ішінара негізделген;</p> <p>3) негізделмеген.</p>	Диссертация жұмысының өзектілігі терең, егжей-тегжейлі және жан-жақты, кешенді түрде негізделген. Қазіргі Қазақстандағы мәдени антропологиялық ғылым саласында «мәдени код» мәселесі толыққанды қарастырылмаған және заманауи тұрғыда зерттеуді қажет етеді. Әсіреле ұлттық айдентикаланудың ғылыми-теориялық негізdemелерін беру ғылыми қажеттілік екендігі айқындалады. Зерттеуде қазақ ырымдарын ұлттық код ретінде қарастырып, оның мағынасын ашып көрсету бүгінгі заман талабынан туындаған өзекті мәселе ретінде дәлелденеді. Деколонизацияция үрдістері, алдымен, іргелі субстрат болып саналатын ұлттық кодтарды ашып көрсетумен де байланысты болғандықтан, ұлттық рух пен архетиптер қоғамдық санада сілкіністер туғызып келеді, бұл сілкіністер қазақ халқының рухани бейнесін ашатын нысандарды

		табу және олардың мәнін ашуды талап етеді. Сол нысандардың бірі қазақ ырым-тиымдардың ішкі мағынасын зерделеу арқылы қазақ халқының мәдени кодын анықтау мақсаты қойылады. Осы тұрғыдан алғанда зерттеу нысаны өзекті, мақсат-міндеттерінің айқындығы күмән туғызбайды.
	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындейды:</p> <p>1) айқындейды;</p> <p>2) ішінара айқындейды;</p> <p>3) айқындаамайды.</p>	Диссертацияның «Қазақ ырымдарын зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері» атты бірінші тарауында ұлттық мәдени кодты зерттеу, түркі әлеміндегі этномәдени ырымдардың салыстырмалы талдау, қазақ ырымдарының қалыптасуының тарихи-мәдени үрдістері және ырым, салт және рәсім (ритуал) этномәдени кодтың архетиптері ретінде талданады. «Заманауи өркениеттік үдерістер аясындағы қазақ ырымдары» тақырыбындағы екінші тарауда қазақ ырымдарының мәдени-антропологиялық жіктемесі беріледі, заманауи мәдениеттегі қазақ ырымдарының тәрбиелік мәні ашылып, Қазақстанның ұлттық мәдени кодын қалыптастырудың қазақ ырымдарының рөлі дәлелденеді. Екі тарау диссертация мазмұнын айқындейды және өзара байланыстырылығы, сабактастырығы, қысынды регтілігімен біртұтастықты құрайды..
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) сәйкес келеді;</p> <p>2) ішінара сәйкес келеді;</p> <p>3) сәйкес келмейді.</p>	Диссертация жұмысының мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбына сай келеді. Ізденісте нақтыланған қазақ ырымдарының қалыптасу тарихы мен қазіргі көрінісіне мәдениеттанулық сараптама беру, сондай-ақ Қазақстандағы діни қайта өрлеу жағдайында халықтың діни санасын, қазақ халқының мәдени және рухани құндылықтарындағы қазақ ырымдарының рухани тәрбиелік мәніне талдау жасау мақсаты, оған сәйкес келетін, қойылған алты міндетте толықтай сараланған.
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:</p> <p>1) толық байланысқан;</p> <p>2) ішінара байланысқан;</p> <p>3) байланыс жоқ.</p>	Диссертация жұмысында ғылыми методологиялық принциптердің тұтастығы сақталған. Диссертация жұмысының мазмұнына орай барлық бөлімдері мен логикалық құрылымы нақты келтірілген. Барлық қағидалар мен ғылыми нәтижелер өзара сабактастықта логикалық түрғыда негізделген. Диссертация жұмысы кіріспеден, бірнеше бөлімшелерге бөлінген екі тараудан, корытындыдан, дереккөздерден тұрады және олар арнайы талаптарға сәйкес

		<p>негізделген. Диссертацияның жоспары тақырыптың мәні мен мазмұнын ашып, әрбір тұжырымның бір-бірімен байланысына негіз болған. Жұмыстың ғылыми нәтижелерінің өзегі ретіндегі мәселеге, қазақ ырымдарына жан-жақты талдау жасалған. Жоспар ғылыми ізденіс нысанына сәйкес күрүлған, жүйелі пайымдалған және ол диссертация мәтінінде айқын сипатқа ие болған.</p>	
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>1) сини талдау бар;</li> <li>2) талдау ішінara жүргізілген;</li> <li>3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;</li> <li>4) талдау жоқ.</li> </ul>	<p>Автор ұсынған жаңа шешімдер дәйектеліп, оған дейінгі белгілі шешімдермен салыстырмалы түрде талданып, ізденушінің соны тұжырымдары нақтыланып көрсетілген. Іргелі зерттеулердегі ойтолғамдар ізденушінің ой-елегінен, сындарлы көзқарас сұзгісінен өткізіліп отырған. Қазақ ырымдарына байланысты Кеңес кезеңінде жарық көрген кейбір авторлардың тұжырымдары мен қазіргі зерттеулерде ырымдардың зерттеу нысанынынан тыс қалуын ізденуші батыл сынға алады. Қазақ ырымдар болмысын ғылыми тұрғыда тұжырымдаған өзіндік пікір жүйесімен, эволюциясы, трансформациясы мәселелерін терең бағамдаған мазмұнды тұжырымдарымен, отандық ғылымның теориялық және тәжірибелік маңызына өзіндік улес қосады.</p>	
5.	<p>Фылыми жаңашылдық принципі</p>	<p>5.1 Фылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>1) толығымен жаңа;</li> <li>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</li> <li>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</li> </ul> <p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>1) толығымен жаңа;</li> </ul>	<p>Диссертация жұмысының ғылыми нәтижелері мен қағидаттары толығымен жаңа. Изденуші зерттеу жұмысының алдына қойған мақсат-міндеттерін жүзеге асыру барысында қазақ ырымдарының ерекшелігін айқындаپ, өзіндік анықтама бере алған; оның жаңа ұлттық мәдени кодты қалыптастыру мен дәріптеуде мүмкіндігінің маңызын, ырымдардың қалыптасу көздерін анықтап, генезисінің кезеңдерін айқындаған; ырымдар мен дәстүрлеріміздегі гуманизм қағидалары мен этиканың салтқа айналған көріністерін талдаған, қазақ ырымдарының қазіргі тандағы руханиятынызды қайта жанғырту мен ұлттық айдентикалану үрдісінде қаншалықты маңызды қызмет атқаратындығын бағамдай алған.</p> <p>Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа. Әрбір қорытынды жеткілікті талдауларға негізделген. Изденушінің дәйектелген әрі тұжырымдалған қорытындысының деңгейі жоғары</p>

	<p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	және жеткілікті негізделген. Ғылыми қорытындының өлшемдері диссертацияның негізгі қағидалары мен жаңалықтарына жауап береді	
	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p><b>1) толығымен жаңа;</b></p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	Диссертация жұмысының тақырыбы, зерттеу нысаны әлеуметтік-гуманитарлық ғылым бағытында орындалған. Дегенмен техникалық, технологиялық, экономикалық салаларға тікелей қатысы болмағанымен ізденушінің ғылыми нәтижелерін, қорытындыларын еліміздегі рухани жаңғыру мәселелерінің үйлесімді шешімін табуға, осы бағыттағы басқару шешімдеріне қатысты, сонымен бірге ұлттық мұддеге қайшы келетін идеялар мен ұстанымдарға қарсы тұратын Жаңа ұлттық мәдени кодты қалыптастыруға шақырады. Қазақ ырымдарының қазіргі тандагы руханияттағы қайта жаңғырту үрдісі жалпытүркілік идея аясындағы рухани құндылықтарды реконструкциялаумен келіп ұштасып отырғандығын дәйектейді. Осы ретте ізденушінің ұсынылған шешімдердің бәрі жаңа және олар ізденістің өне бойындағы теориялық талдаулар мен дәйекті тұжырымдар арқылы толығымен жаңадан негізделген. Зерттеу жұмысында қазақ ырымдарының табиғаты мен олардың қазіргі қоғамдағы орнының мәдени-философиялық, антропологиялық, тұрғыда терең бағамдалуы отандық әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың теориялық және тәжірибелік маңызына өзіндік үлес қосады және осы арнадағы зерттеулерге бастамашы болады.	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <b>негізделген/негізделмеген</b> (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертация жұмысының әр тарауының аяғында талдаулар негізінде байыпталған қорытындылар ойдың жинақтылығы мен тиянақтылығына, логикалық тұрғыдан дәйектелуіне үлес қосқан. Осының арқасында ізденістің сонындағы негізгі қорытындының да ғылыми тұғыры да дәлелді әрі толық тұтастыққа ие болған.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p>	7.1. Негізгі қағидаттар <b>толық дәлелденген</b> . Ізденіс ауқымында автор тарапынан 7 қағидат айқындалған және олар зерттеудің нәтижесімен бірлікте тұтасқан.

	<p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді;</p> <p>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p><b>7.2 Тривиалды ма?</b></p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p><b>7.3 Жаңа ма?</b></p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p><b>7.4 Қолдану деңгейі:</b></p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <b>кең</b></p> <p>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p><b>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</b></p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>7.2 Әр қағидат <b>тривиалды емес</b> саналады. Автор қағидаттарды ерекше тәсілмен, жан-жақты қырынан қалыптастырган.</p> <p>7.3 <b>Мейлінше жаңа.</b> Отандық мәдениеттану саласындағы зерттеулерде аталған ізденісте зерттеу нысанына алынған, талданған мәселелер арнайы қарастырылмаған. Сондықтан да нәтижелері жаңалығымен ерекшеленеді.</p> <p>7.4 <b>Қолдану деңгейі кең.</b> Ғылыми нәтижелерді әлеуметтік-гуманитарлық ғылым саласында, осы бағыттағы пәндердерді оқыту барысында, мемлекеттік жастар саясатын жүргізу барысында және диссертант ұсынған ұлт бірлігін нығайту мен сапалы ұрпақ әкелуде генетика ғылымындағы адам ұрпағының ДНҚ-лық сәйкестігі төрт ұрпақтықтан кейін сапалы селекциялық өнім болатыны туралы ғылыми-теориялық тұжырымын кеңінен пайдалануға болады.</p> <p>7.5 Диссертацияның негізгі ғылыми нәтижелері мен қорытындылары 6 ғылыми мақалада жарияланды. Оның біреуі тікелей тақырыпқа сай Scopus базасына енетін журналда жарияланған, үшеші Қазақстан Республикасы ФЖБМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда, екеуі халықаралық ғылыми конференция жинақтарында жарық көрген. Жарияланған мақалалар жүргізілген жұмыстың мазмұнына толық сай келеді.</p>
8.	<p>Дәйектілік қағидаты.</p> <p>Дереккөздер мен үсынылған</p>	<p>8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:</p> <p>1) ия;</p>
		Ізденістің методологиясы нақты, дәлелді, дәйекті, іргелі. Ізденуші өзі көтерген тақырыпты ашуда жүйелік, компаративистикалық талдау, ретроспективті және т.б. әдістерді тиімді пайдаланып, маңызды

ақпараттың дәйектілігі		ғылыми жаңалықтарға қол жеткізген деуге толық негіз бар екеннін атап көрсетуге болады.
	2) жоқ.	<p>Дәстүр мен дуниетаным «ырым парадигмасы» аясында қарастырылып, жазбаша деректерге, ауызша мәліметтерге тарихнамалық сұрыптау мен сараптау жасалған. Сонымен бірге этнологиялық зерделеу қагидаттары, батыстық зерттеу үлгісіндегі антропологияның негізгі – диахронды, синхронды, интерактивті тұрғылары мен салыстырмалы әдіснамалар қолданылған. Сонымен қоса жұмыста аңыздарды түсіндіретін – демифологизация әдісі ұтымды қолданылған. Тарихи-салыстырмалы, құрылымдық-функционалдық талдауды, мәдени-антропологиялық жіктеулерді диссертация барысында ізденуші орынды қолдана білген.</p>
	8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	И.ә. Диссертация жұмысының нәтижелерінің компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынғаны анық аңғарылады.
	1) ия;	
	2) жоқ.	
	8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	<p>Теориялық қорытындылар мен ұсыныстардың ғылыми тұғыры, дәлелі, байыштылығы негізді және нақты дереккөздер мен ойтқырымдарға сүйене отырып дәйектелген. Автордың өзіндік тұжырымдарын дәйектеуі проблематиканы зерттеу нысанына алып, әртүрлі көзқарастар мен ұстанымдардың барлығын бір мәселе төнірегінде топтастырып, қазақ мәдениеті жүйесіндегі қазақ ырымдарының мәдени негіздерін айқындаپ беруінде көрініс тапқан. Изденуші қазақ ырымдарын мәдени код ретінде арнайы зерттеу нысанына айналдырудың тарихи танымдық аспектісімен қоса, қазіргі замандағы мәдениет болмысын зерттеу мен танудың негізгі</p>
	1) ия;	
	2) жоқ.	

			құрамдас бөліктерінің бірі екенін дәлелдей береді және де ұлттымыздың дүниетанымындағы ырымдық жүйені рухани тамырларымызды, әрқиылды кезеңдердегі бітім-болмысымызды, әлеуметтік тәжірибемізді тануымызда дәстурлі мәдениетімізбел тығыз байланыстылығын, оның өз орнын алуға тиістілігін, бүгінімізді де, келешегімізді де баянды етудің негізі екенін пайымдайды. Қазақ елінің ұлттық кодын, идеологиясын, мәдениетін және тарихи санасын қайта жаңғырту мен адам капиталын дамыту жолында – заманауи өркениеттік үдерістер аясындағы қазақ ырымдарын мәдени код ретінде зерттеулерге негізделген теориялық модель ұсынылған.
	8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <b>расталған</b> / ішінара расталған / расталмаған.		Ізденуші зерттеуінде тақырыптың түрлі қырларын пайымдаған отандық және шетелдік ғалымдар еңбектерін, эмпирикалық дереккөз мәліметтерін зерделеу, талдау негізінде маңызды мәлімдемелерге қол жеткізген. Бұл ізденістің әр тарауындағы іргелі ғылыми әдебиеттерге жасалған сілтемелерден айқын анғарылады.
	8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.		Қолданылған дереккөздері әдеби шолу үшін жеткілікті. Ізденуші жұмысты әзірлеу барысында мүмкіндігінше зерттеу нысанына алынған тақырып аясындағы зерттеулерді қамти алған. Пайдаланылған әдебиеттер бөлігінде көрсетілген 215 дереккөз ішіндегі еңбектер мен тақырып бағытындағы ізденістер іргелілігі мен негізділігімен назар аудартады.
9	Практикалық құндылық қафидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар; 2) жоқ.	Зерттеудің теориялық құндылығы жаһандану кезеңіндегі рухани ізденістер мен толғаныстардың ұлғайған ахуалындағы мәдениеттанулық зерттеулерге деген қажеттіліктің артуымен, ұлттық менталитеттің өсуімен және осы үдерістерге байыпты ғылыми тұжырымдар мен шешімдер ұсынуымен айқындалған. Ізденуші әлемдік жаһандану үдерісінде ұлт идеологиясы мен тұғырын нығайту және мәдениетімізді қайта жаңғырту мен оны жаңа форматта қалыптастыру барысында үлкен құрылымдық мәдениеттерге жұтылып кетпеудің жолын көрсетеді. Сондықтан қазаки ырымдарды реконструкциялау – ұлттық айденитиканы

		<p>сақтаудың параметрлерінің бірі деген тұжырымға келеді. Сондай-ақ тарихи мәдениеттің мәселелерге жауап беру, ана мен бала, отбасы құндылығын нығайту, ұлттық санаға еркіндік беру, демографияны көтеру, адам капиталын дамыту сияқты тағы да басқа мәдениет салаларын дамытуда маңызды рөл атқаратындығы дәлелденеді.</p>
	<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) ия; 2) жоқ.</p>	<p>Диссертация жұмысының нәтижелері мәдениеттанулық бағыттағы зерттеулерге негіз болуымен бірге, еліміздегі азаматтық қоғамның рухани негіздерін, этносаралық сұқбатты қалыптастыруға да өз үлесін қосатыны анық. Сонымен бірге зерттеу нәтижелерін жоғары оку орындарындағы «Мәдениеттану», «Тарих», «Философия» білім беру бағдарламаларында білім алатын білімгерлерге қажетті теориялық, практикалық құрал ретінде ұсынуға болады.</p> <p>Зерттеу тұжырымдарын қазіргі мемлекеттік жобалардағы Қазақстан Республикасы мәдени саясатының басым бағыттарына сай қолдануға толық негі бар. 2023 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының мәдени саясатының тұжырымдамасы бойынша сананы жаңғыртуға, рухани жаңартуға, қоғамды мәдени және жалпыұлттық шоғырландыруға, адамгершілікті қалыптастыруға, өзіндік ойы бар шығармашыл, жауапты тұлғаны қалыптастыруға бағытталған жұмыстарда диссертацияның тұжырымдарын пайдалануға болады.</p>
	<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жана); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Зерттеудің практикалық ұсыныстары толығымен жаңа. Осы тұрғыдағы жұмыстың жаңалығы мен құндылығын отандық мәдениеттану ғылыми саласындағы алғаш рет жазылған ғылыми зерттеу екені де толықтыра түседі. Осы себепті де бұл бағыттағы теориялық және практикалық базага жол ашуы, жаңа зерттеулер мен ізденістерге тұртқи болатындығы тұжырымының дәйектілігін куаттай түседі.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) жоғары; 2) орташа;</p> <p>Диссертацияның академиялық жазу сапасын жоғары бағалауға болады. Сауатты ғылыми стиль, қисынды, дәйекті ой-тұжырымдар ізденістің жоғары деңгейде жазылғанын, техникалық рәсімделуінің</p>

		<p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p>	тольктығын, ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келетіндігін де анықтайды.
11.	Диссертацияға ескертулер		<p>Диссертацияда Б. И Кононенко, И. Н. Горелова, С.В. Морозова, С. Левит сияқты авторлардың сөздіктері мен оқулықтарына сілтеме берілген. Докторлық жұмыста жалпылама мәдениеттануға арналған оқулықтарды қолданғанша тақырыпқа тікелей қатысты ғылыми жұмыстарға басымдық берген дұрыс. Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарына, қазақы тыйымдар мен ырымдарға арналған Қ. Бегмановтың, А. Құралұлының, А.Ш.Әділбаевтың еңбектерін қолданса зерттеу аясындағы талдау терендей түсер еді деп есептеймін.</p>
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		<p>1) Қазақтың мәдени кодының қалыптасуындағы ырымның орны мен рөлі // Адам әлемі. – 2022. – №. 1 (91). – С. 90-104.      Мақалада қазақ халқының тіршілік көзі мен табиғи құбылыстарына байланысты жылдар бойғы жинақталған тәжірибеден салттық ғұрыпқа айналған ырымдарын екіге бөліп қарастырған. Олар: нанымдық сенім түсінігінен шықкан және өмірлік тәжірибеден салттық ғұрыптық ырымдарынан бастау алатын заманауи өркениеттік үдерістер аясындағы, заманына сай өзгеріс тауып сұрыпталған түскен қазақ ырымы.</p> <p>2) The role of kazakh uygums-beliefs in the formation of the traditional worldview of the kazakhs: philosophical and anthropological analysis. 4 (80) 2022   Аль-Фараби. Мақалада «Ырым» сөзінің мағынасы мен арақатынасы түсіндіріледі, сонымен қатар мәселені зерттеуге тарихнамалық және мәдени шолу жасалады. Ырымшылдықтың діни және мифологиялық ішкі тақырыптары да ашылады, оның пайда болу тарихы, мәні мен мазмұны талданады.</p> <p>3) Үримның қазақ мәдени кодын құраудағы рөлі. Философия, мәдениеттану, саясаттану сериясы. №2 (80). 2022. Мақалада қазақ халқының тарихи кезеңдерде, оның табиғи және географиялық</p>

		<p>ортасымен байланысты жинақтаған өмірлік тәжірибесі негізінде қалыптақан ырым-тыйым жүйесі талқыланды</p> <p>4)Kazakh superstitions between humans and nature as a system of compatibility in theology. Pharos Journal of Theology ISSN 2414-3324 online Volume 105 Issue 1 - (2024) Copyright: ©2023 Open Access/Author/s - Online @ http//: www.pharosjot.com</p> <p>Мақалады қазақтың адам мен табигат арасындағы ырымдар жүйесінің теологиялық түсініктері талданады. Қазақтың дәстүрлі әдет-ғұрыптарындағы айналадағы дүниені әспеттеуінің философиялық, мәдениеттанулық мәні ашылады. Қазақ дүниетанымында кеңістіктер, бағыттар, қабаттар, символдық рәсімдер мен діни ұстанымдар арқылы уақыт пен кеңістікте күндыштықтар жүйесінің қалыптасу ерекшеліктері сарапталады.</p>
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженін 28-тармағына сәйкес)	<p>8D03102 – Мәдениеттану Философия докторы (PhD) дәрежесін беруді ұсынамын</p>

Ресми рецензент:

КеАҚ «Торайғыров университеті»

Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар факультетінің деканы,

PhD доктор



С.С. Аубакирова